

Лабораториялық жұмыс 5. Тіркестер

Есептер

1-нұсқа

1. Құрамына сандар кіретін сөз тіркесінің ұзындығын – L анықтап, егер L жұп сан болса, онда тіркестегі барлық екілік сандарды өшіріп тастаңыздар.
2. Берілген сөз тіркесінің дәл ортасында тұрған сөзді керісінше жазып шығыңыздар.

2-нұсқа

1. Берілген сөз тіркесінің ұзындығын – L анықтап, егер L жұп сан болса, онда тіркестегі алғашқы сөзді өшіріңіздер, ал тақ сан болса, соңғы сөзді өшіру керек.
2. Берілген сөз тіркесінде палиндром сөз бар екенін анықтап, ол жайлы мәлімет беру керек.

3-нұсқа

1. Берілген сөз тіркесінің ішінде ДОС сөзіне кіретін символдардың нешеуі екенін анықтаңыздар.
2. Берілген сөз тіркесінің ұзындығын – L анықтап, егер $L > 10$ болса, соңғы сөзді өшіріп тастаңыздар.

4-нұсқа

1. Берілген сөз тіркесінің ұзындығын – L анықтап, егер L тақ сан болса, онда тіркестің дәл ортасындағы символды анықтау керек, ал жұп болса тіркес ортасындағы екі символды анықтау керек.
2. Берілген сөз тіркесінің ішіндегі барлық ! белгісін ? белгісіне алмастырыңыздар.

5-нұсқа

1. Берілген тіркес ішіндегі бос орын таңбаларын астын сызу (_) таңбасына алмастырыңыздар.
2. Берілген сөз тіркесінің ұзындығын – L анықтап, егер $L > 10$ болса, соңғы сөзді өшіріп тастаңыздар.

6-нұсқа

1. Берілген сөз тіркесінің ұзындығын – L анықтап, егер L 3-ке қалдықсыз бөлінетін болса, тіркестегі екінші сөзді өшіріп тастаңыздар.
2. Берілген сөз тіркесінің ұзындығын – L анықтап, егер L 5-ке қалдықсыз бөлінетін болса, тіркестегі барлық жақша түрлерінің санын анықтаңыздар.

7-нұсқа

1. Екі сөйлемнен тұратын сөз тіркесінің сөйлемдерінің орындарын алмастырыңыздар.
2. Берілген сөз тіркесінің ұзындығын – L анықтап, егер L 3-ке қалдықсыз бөлінетін болса, тіркестегі екінші сөзді өшіріп тастаңыздар.

8-нұсқа

1. Берілген сөз тіркесінің алғашқы нүктесіне дейінгі символдарды «с» әрпіне алмастырыңыздар.
2. Берілген сөз тіркесіндегі бірінші және соңғы сөзді керісінше жазып шығыңыздар.

9-нұсқа

1. Берілген сөз тіркесінің алғашқы сөзі мен екінші сөзін керісінше жазып шығыңыздар.
2. Бірнеше сөйлемнен тұратын сөз тіркесіндегі екінші сөйлем ішіндегі «Е» әрпінің санын анықтаңыздар.

10-нұсқа

1. Берілген сөз тіркесінде жақшалар бар. Алғашқы жақшалар ішіндегі сөзді анықтаңыздар.
2. Берілген сөз тіркесіндегі ең ұзын сөздің енін тауып, оны керісінше жазып шығыңыздар.

11-нұсқа

1. Сөз тіркесі берілген. Оның ішіндегі леп белгілерін нүктемен алмастырып, нүктелер санын анықтаңыздар. Леп белгісі жоқ болса, ол туралы мәлімет беріңіздер.
2. Құрамына сандар кіретін сөз тіркесінің ұзындығын – L анықтап, егер L жұп сан болса, онда тіркестегі барлық екілік сандарды өшіріп тастаңыздар.

12-нұсқа

1. Сөз тіркесі берілген. Оның ішіндегі нүктелерді үш нүктемен алмастырып, нүктелер санын анықтаңыздар, нүкте жоқ болса, ол жайлы мәлімет беріңіздер.
2. Берілген сөз тіркесінің ұзындығын – L анықтап, егер L тақ сан болса, онда тіркестің соңғы сөйлемін анықтау керек, ал жұп болса, тіркес ортасындағы символды анықтау керек.

13-нұсқа

1. Сөз тіркесі берілген. Оның ішінде үтірлер бары белгілі. Алғашқы үтір мен соңғы үтірдің қай позицияда тұрғанын және олардың арасында неше символ бар екенін анықтаңыздар.
2. Бірнеше сөйлемнен тұратын сөз тіркесіндегі соңғы сөйлем ішіндегі «А» әрпінің санын анықтаңыздар.